

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 431 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 422 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422 Қаулысымен.

"Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 676 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

2

с ә у і р д е г і

№

4 3 1

қ а у л ы с ы м е н

құрылған

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.02 № 764 Қаулысымен.

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы

Божко - Қазақстан Республикасының Төтенше
Владимир Карпович жағдайлар министрі, төраға

Петров - Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович жағдайлар вице-министрі, төрағаның
орынбасары

Оразмағамбетов - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
Асқар Ұзақбайұлы министрлігінің Төтенше жағдайлар мен
өнеркәсіптік қауіпсіздікке мемлекеттік
бақылау комитеті Мұнай-газ өнеркәсібіне

мемлекеттік бақылау басқармасының бастығы,

хатшы

Толымбаев - Қазақстан Республикасының Мұнай және
Берік Зиябекұлы газ вице-министрі
Ахметов - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
Серік Баужанұлы министрлігі Төтенше жағдайлар мен
өнеркәсіптік қауіпсіздікке мемлекеттік
бақылау комитетінің төрағасы
Тұрмағамбетов - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Мәжит Әбдіқалықұлы қорғау вице-министрі
Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және
Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі
Оспанов - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Кеңес Сәрсенғалиұлы министрлігі Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің
төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас
мемлекеттік санитарлық дәрігері

Әбдірайымов - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары

Қалижан Серікұлы

Паритов - Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Бекет Закарұлы

Ұранхаев - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Нұрлан Телманұлы

Әбдіров - Атырау облысы әкімінің орынбасары

Асқар Аманғалиұлы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 2 сәуірдегі

№ 431 қаулысымен

бекітілген

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. "Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы № 676

қаулысын (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) іске асыру мақсатында құрылған Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Комиссияның міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның міндеттері:

1) Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуге қатысу;

2) Қазақстан Республикасының шегінде мұнайдың төгілуіне ден қою шараларын қолдану жөніндегі орналастыру және дайындау жүйелерін қалыптастыру бойынша Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының және басқа да ұйымдардың іс-қимылдарын үйлестіру және басшылыққа алу;

3) мұнайдың теңізге және ішкі су айдындарына келіп түсуіне және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтыруы мүмкін төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда ден қоюдың дайындық шараларын жүзеге асыру;

4) Ұлттық жоспар шеңберінде мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру болып табылады.

4. Көрсетілген міндеттерді орындау үшін Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды:

1) мұнайдың төгілуіне қарсы күрес жүргізу үшін қолда бар жабдықтарды анықтауды;

2) бағдарламаларды үйлестірушілердің ұсынысы бойынша тиісті компаниялардың қатысуымен мұнайдың төгілуіне ден қою жөнінде мерзімді жаттығулар жүргізуді келісуді;

3) Ұлттық жоспар шеңберінде мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіруді және басшылыққа алуды;

4) адамдардың денсаулығы мен өмірін, теңіздер мен ішкі су айдындарының өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мұнайдың төгілулерінен сақтауға бағытталған шаралардың стратегиясын орындау жөнінде ұсыныстар әзірледі;

5) ден қою шараларының мониторингін;

6) мұнайдың төгілуіне ден қою шараларына мемлекеттік басшылық ету

туралы және үшінші деңгей төгілген жағдайда ұлттық жоспарды іске қосуды енгізу туралы хабарландыруды;

7) төгілулерді және олардың зардаптарын жою жөнінде шаралар ұйымдастыруды;

8) теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында төгілулердің себептерін тексеру бойынша ұсыныстар жасауды;

9) мұнайдың төгілулерінің зардаптарынан болған экономикалық зиянды талдауды;

10) теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында төгілудің алдын алу мен оған ден қою жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне бағаберуді;

11) оқиға болған жердегі ден қою шараларын үйлестірушілерге және жұмыстардың басшысына консультация беруді және жұмыстарды жүзеге асыру барысында техникалық консультациялар беруді;

12) төгілу мәртебесіне және мұнайдың төгілуін оқшауландыру және жою барысына қатысты баспасөз - релиздер мен өтініштер дайындауды;

13) мұнайдың төгілулерін жою жөнінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде алынған материалдарды жинақтауды және тиісті компаниялар мен мүдделі мемлекеттік органдарды таныстыра отырып ұсыныстар дайындауды;

14) мемлекетаралық мәселелер мен дауларды шешу кезінде, оның ішінде трансшекаралық төгілулер болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен консультацияларды;

15) теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою саласында халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізуді;

16) Комиссияда қараған және ұсынған аса маңызды мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беруді;

17) және Ұлттық жоспармен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады

Комиссияның негізгі құқықтары

5. Комиссия жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) өз міндетіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) Комиссияның міндетіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар жасауға;

4) мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан Комиссияның

міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

5) мұнайдың төгілуіне қарсы күресу үшін жабдықтарды пайдалану жөнінде ұсыныстар жасауға;

6) теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар ұсынуға;

7) жұмыс топтарын құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

8) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және басқа да ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпараттық, талдамалық, техникалық, анықтамалық-статистикалық материалдарды сұратуға және алуға;

9) Комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерін Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;

10) Комиссияның жұмысына қатысу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті сарапшылары мен консультанттарын тартуға құқығы бар.

Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияның тұрақты қызметі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің басшылығымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 616 қаулысымен .

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 616 қаулысымен .

8. Комиссияның жыл сайын қайта қаралатын және жаңартылатын дербес құрамын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 616 қаулысымен .

9. Отырыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Комиссияның шешімдері отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады .

10. Комиссия мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі .

11. Комиссияның шешімі Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие.

12. Комиссия мүшелері ерекше пікір айтуға құқылы, айтқан жағдайда ол жазбаша түрде баяндалуы және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

13. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар дайындайды, Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;

2) Комиссия мүшелері мен оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

14. Комиссия қызметінің тоқтатылуы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.